

**«Балдырған» бөбекжайы МКҚК
Қамқоршылық кеңестің отырысы
Хаттама №1**

Күні: 25.09.2025ж.

Қатысқандар: ҚК мүшелері, әкімшілдік, педагогтер

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы Р. З. Акпентаева білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесін ұйымдастыру туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғаммен балабақша арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құалы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен балабақша арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. ҚК қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. ҚК негізгі мақсаты балабақшаның мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүліктік ресурстарды тарту болып табылады. Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген арттықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша бюджеттен тыс қаржы іздеп қана қоймай, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. ҚК мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады. ҚК Төрағасы Г.С. Есимова қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарымен таныстырып өтті.

Шешімі:

1. ҚК жоспары бекітілсін.

ҚК Төрағасы: Г.С. Есимова

Хатшы: П. Б. Мырзахметова



**«Балдырған» бөбекжайы МКҚК
Қамқоршылық кеңестің отырысы
Хаттама №2**

Күні: 24.10.2025ж.

Қатысқандар: ҚК мүшелері; әкімшілік, ата-аналар комитетінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. «Абайла, экстримизм, терроризм!» ата-аналарды ақпараттандыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің мәселесі бойынша «Балдырған» бөбекжайының педагог-ұйымдастырушы: З. Д. Бекбаева жалпы МДМ-ің қауіпсіздік шаралары және экстримизм, терроризм жайлы ақпарат берді. Терроризмнен сақтану бағытында қазіргі кездері бүкіл әлем болып күрес жүргізуде. Бірақ әртүрлі ұйымдар, топтар адамзат өміріне қатер төндіруін тоқтатар емес. Сол себептен де бүкіл әлем болып экстримизм, терроризмге қарсы күрес жүргізу құптарлық іс екендігі айтпаса да белгілі. Осыған орай ата-аналарға жадынамалар таратуды ұсынып отырмын. Мысалы: Үйіңіздің кіреберісіндегі, аулаларыңыздағы, көшедегі бөгде заттар мен адамдарды дер кезінде өздеріңіз ғана байқай аласыздар. Үйлеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіздер: кіреберісте домофонымен темір есік орнатыңыздар, жертөлелер, үй шатырлары және техникалық ғимарат есіктерінің ашық - жабықтығын тексеріңіздер. Көліктегі жолаушының күдікті жүріс-тұрысын көріп тұрып, байқамаған сынай танытпаңыздар! Ешқашан, тіпті, өте қауіпсіз болса да, қандай да бір сақтау немесе басқа біреуге беру үшін біреудің қолынан зат алмаңыздар. Адамдар аз (иесіз) жерде күдік тудыратын затты тауып алу сіздің сақтығыңызды әлсіретуге тиіс емес. Қаскөй адам оны бір нәрседен, біреуден қорыққандықтан тастай қашуы мүмкін. Тіпті, сіздің жарылғыш құрылғыларын білетін жеке тәжірибеңіз болса да, онымен бір нәрсе жасауға тырыспаңыз. Өздігінен жарылғыштар өте сезімтал және әккі болып келеді. Күдік тудыратын затқа жақындамаңыздар, тіпті қол тигізбеңіздер, бұл - өмірлеріңізге өте қауіпті. Балаларыңызға қауіпсіздік шараларын: бейтаныс адаммен көшеде сөйлесуге, үйде есік ашуға, жерде жатқан иесіз ойыншықты алуға, көзге түскен затқа жақындауға болмайтынын және т.б. үйретіңіздер.

Шешімі:


1. Ата-аналар жадынамаларды оқып таныссын.

ҚК Төрағасы:



Г. С. Есимова

Хатшы:



П. Б. Мырзахметова

**«Балдырған» бөбекжайы МКҚК
Қамқоршылық кеңестің отырысы
Хаттама №3**

Күні: 04.12.2025 ж.

Қатысқандар: ҚК мүшелері; әкімшілік

Күн тәртібі:

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларды ұйымдастыру.
2. «Сиқырлы қалашық» қардан мүсіндер жасау байқауын өткізу.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мекеме әкімшілігі Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларды өткізу жоспары туралы ақпарат берді. Мерекелік безендіру, балаларға арналған ертеңгіліктер ұйымдастыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері қарастырылды.

Екінші мәселе бойынша «Сиқырлы қалашық» атты қардан мүсіндер жасау байқауын өткізу ұсынылды. Байқауға ата-аналар, педагогтер және тәрбиеленушілердің қатысуы талқыланды.


Шешімі:

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. «Сиқырлы қалашық» қардан мүсіндер жасау байқауы ұйымдастырылып өткізілсін.
3. Іс-шараларды өткізу барысында қауіпсіздік ережелерінің сақталуы қадағалансын.

ҚК Төрағасы:

Хатшы:

 Г. С. Есимова

 П. Б. Мырзахметова

**«Балдырған» бөбекжайы МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама № 4**

Күні: 05.06.2026ж.

Қатысқандар: ҚК мүшелері; әкімшілік

Тақырыбы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» МКҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындылары туралы есеп.

Қамқоршылық кеңесінің күн тәртібі:

1. Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы Р. З. Акпентаева қамқоршылық кеңес алдында бөбекжайдың Мемлекеттік аттестаудан өтер алдында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындылары туралы есебін тыңдау.
2. Шешімін қабылдау.

Тыңдалды:


«Балдырған» бөбекжайының басшысы Р. З. Акпентаева өз есебінде соңғы бір жылда қандай жалпы өзгерістер болғанын көрсете келе келесі мәселелерге нақты тоқталды:

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.
2. Тәрбиеленушілер контингенті және бағаланатын кезеңдегі топтардың жасақталуы.
3. Бағаланатын кезеңдегі педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы.
4. МДТ мен ОҰЖ-на сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыруды бағаланатын кезеңде тексеру қорытындылары.
5. Тәрбиеленушілердің бағаланатын кезеңдегі зияткерлік, шығармашылдық, спорттық сайыстардың нәтижелері.
6. Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингінің қорытындылары.
7. Бағаланатын кезең үшін бухгалтерлік есептілік деректерден алынған негізгі құралдар.
8. МДТ мен ОҰЖ-на сәйкес балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-көнектік дамытушы орта құру.

Шешімі:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» МКҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша қорытындысы назарға алынсын.
2. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» МКҚК-ның жұмысы Мемлекеттік стандарт «zhagsy» талаптарына сәйкес деп таңылсын.

ҚК Төрағасы:
Хатшы:



Г. С. Есимова
П. Б. Мырзахметова